

**Қарасу негізгі мектебінің
тәрбие жұмысының 2021 -2022 оқу жылындағы қорытындысы**

2021 – 2022 оқу жылында мектебімізде жақсы жаңалықтар мен жетістіктер көп болды.

Тәрбие жұмысының жылдық жоспары әдістемелік нұсқаулықты негізге ала отырып жасалып, сегіз басым бағытта іс – шаралар өтті. Ұлы ойшыл Әл – Фараби «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» демекші, мектебімізде оқу процесі мен қатар тәрбиелік мәні бар іс – шаралар да бірге жүреді.

2021 – 2022 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары 8 бағытпен және мектеп парламенті, жас ұлан балалар ұйымының жұмыс жоспарларымен жасақталып бекітілді. Олар:

Бұл бағдарламаны білім беру ұйымы білім алушылардың ата-аналарымен, әлеуметтенудің басқа нысандарымен –білім беру ұйымының әлеуметтік серіктестерімен тығыз байланыста және ынтымақтастықта тәрбие жұмысының негізгі бағыттары аясында жүзеге асырады

I. ТӘРБИЕ БАҒЫТЫНЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ БОЙЫНША ЖАСАЛҒАН ЖҰМЫСТАР

Бағыттар	жұмыс түрлері	тәрбие сағаттары	дөңгелек үстелдер	кездесулер	пікір сайыстар	жарыстар	байқаулар
	<i>ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ</i>	45	7	6	4	3	2
	<i>РУХАНИ –АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ</i>	43	2	-	4	1	-
	<i>ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ</i>	32	2	5	-	2	2
	<i>ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ</i>	45	3	4	3	3	2
	<i>ЗИЯТКЕРЛІК ТӘРБИЕ, АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ТӘРБИЕСІ</i>	30	-	-	2	8	-
	<i>ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ</i>	35	4	6	4	3	1
	<i>КӨПМӘДЕНИЕТТІК ЖӘНЕ КӨРКЕМ–ЭСТЕТИКАЛЫҚ</i>	35	-	2	1	2	-

ТӘРИЕСІ									
ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ	45	2	2	-	12	-			


II. Ата – анамен жүргізілген жұмыстар

сыныптар	мектеп бойынша	1 сынып	2-3 сынып	4 сынып	5 сынып	6 сынып	7 сынып	8 сынып	9 сынып
жұмыс түрлері									
Ата – аналармен өткізілген жиналыстар	4	4			4				
өткізілген іс – шаралар	3	2	3	1	2	3	2	2	4

III. Қарасу негізгі мектебі 2021-2022 оқу жылының басындағы оқушылардың тәрбиелілік деңгейін диагностикалық зерттеу қорытындысы


сыныбы	Тәрбиелілік белгісі			
	Жоғары деңгей	Жақсы деңгей	Орташа деңгей	Өте төмен деңгей
2 сынып	3	2	2	-
3 сынып	3	2	1	-
4 сынып	3	1	1	-
5 сынып	4	2	1	-
6 сынып	4	2	2	-
7 сынып	3	1	1	-
8 сынып	2	2	2	-
9 сынып	3	1	-	-

Мектеп бойынша тәрбиелілік деңгейінің диагностикасы (жыл басы)



Оқу жылының соңындағы оқушылардың тәрбиелілік деңгейін диагностикалық зерттеу қорытындысы

сыныбы	Тәрбиелілік белгісі			
	Жоғары деңгей	Жақсы деңгей	Орташа деңгей	Өте төмен деңгей
2 сынып	2	1	2	-
3 сынып	3	1	1	-
4 сынып	1	1	1	-
5 сынып	4	2	1	-
6 сынып	2	3	2	-
7 сынып	3	1	1	-
8 сынып	2	2	-	-
9 сынып	3	1	-	-



IV. Оқушылардың қосымша біліммен қамтылуы (соңғы 3 жылдық)

жылы	қол күрес	Тоғыз құмалақ	теннис	жас қалам	Балалар және театр	Дебаттық клуб
2019-2020	12	10	10	15	-	-
2020- 2021	17	12	12	20	10	12
2021 – 2022	17	10	10	15	16	10

V. СЫНЫП ЖЕТЕКШІЛЕР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

БІЛІМІ			БІЛІКТІЛІК САНАТТАРЫ						
БАРЛЫҚ ЖЕТЕКШІ I	ЖОҒАРҒЫ БІЛІМДІ	АРНАУЛЫ БІЛІМДІ	ПЕДАГОГ - ЗЕРТТЕУ ШІ	ПЕДАГОГ – ЭКСПЕРТ	ПЕДАГОГ – МОДЕРАТОР	ЖОҒАРЫ САНАТТЫ	БІРІНШІ САНАТТЫ	ЕКІНШІ САНАТТЫ	САНАТСЫЗ
9	6	3	1	1	2	2	1	-	1


VI. СЫНЫПАРДЫҢ ТӘРБИЕЛІК ІС – ШАРАЛАРҒА ҚАТЫСЫМЫ

сыныптар	оқушылар саны	қатысымы	сынып жетекшісі
I	7	өте жақсы	Ермек М
II	7	жақсы	Жолшина Б
III	5	өте жақсы	Нығметова Л
IV	3	жақсы	Ұлықпанова А
V	7	жақсы	Утемисова Г
VI	7	өте жақсы	Нұрғалиева А
VII	5	өте жақсы	Бітімбаева А
VIII	4	жақсы	Аймұқанбетова А
IX	4	өте жақсы	Арынғазы Г

Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесінің кеңес отырысы тұрақты ай сайын өтіп отыр. Мектеп жарғысының талаптарын, оның ішінде білім беру ұйымдарына алып кіруге тыйым салынған заттарды әкелуге шек қою, түсінік жұмыстарын жүргізу үнемі назарда болады.

Мектептің ата –аналар комитетімен төмендегі сұрақтарды келісіп алу мақсатында ата – аналар жиналысына мәселе етіп қойып,
- тыйым салынған заттардың бар жоқтығын анықтау үшін кездейсоқ тексеру;
- оқушылардың смартфондары мен гаджеттерді алып жүруіне тыйым салуға қолхаттар алынды.

Қыркүйек айында «**Менің құқығым мен міндеттерім**» атты тәрбие сағаттары өтті



Қазан айында «Менің өмірім – менің құқығым» 11-қазан халықаралық қыздар күніне орай қызбалалармен жұмыс жүргізілді. Халықаралық Қыздар күніне орай «Қыз бала тәрбиесінің ерекшеліктері» атты отбасындағы зорлық – зомбылық пен кәмелетке толмағандар арасында жыныстық қол сұғылмаудың алдын алуға бағытталған ата – аналар жиналысы өтті.



Халықаралық Қыздар күнінде 5 – 9 сынып қыздарына «Қызға қырық үйден тыйым» тақырыбында аналар мектебінің мүшелерімен кездесу өтті. Кездесу барысында қыз балаға тән инабаттылық пен сыпайылық, әдептілік туралы түсінік беріліп, қыз балаларға «Қызға 40 тыйым» атты кітапшалар таратылды.



«Қыздарға әсемдік жарасады» дөңгелек үстел

«Өзніді сақта – бетперде тақ!», «Үйде бол, жақындарыңа жанашыр бол!», «Антисептикті пайдалана біл!» өзін – өзі оқшаулау режимін сақтауға шақыратын, арақашықтық пен тазалық шараларын ұстануға арналған түсінік жұмыстары мен тәрбие сағаттары тұрақты өтіп, оқушылардың қауіпсіздігі сақталды.

Желтоқсан айында «Ерте жүктілік және мәжбүрлі некелердің алдын алу шаралары»
«Құқықтық сана – қауымға пана» жобасы аясында дөңгелек үстелде ауылдық медбикемен кездесу болды.



«Құқығым бар» балалалар өкілдерімен семинар – тренинг



«Қоғамдағы интернетке тәуелділік»

оқушылардың сабақтан тыс уақытын тиімді ұйымдастыру – құқықбұзушылықтың алдын алудың ең басты жолына арналған ата-аналар мен мұғалімдер арасында дөңгелек үстел





«Менің құқығым – менің міндетім» өзін – өзі басқару мүшелері мен театрлар арасында дөңгелек үстел

Онлайн ойындардың зияны

«Өмір-бақыт. Бәрі өз қолыңда» -тренинг



«Мен және менің құқығым»



2021 – 2022 оқу жылының қыркүйек – қаңтар айларының аралығындағы діни экстремизм мен терроризмнің алдын –алу негізіне бағытталған жұмыстар жасақталған жоспар бойынша жүргізілді.

Атап айтсақ, қыркүйек айында ата-аналар мен оқушылар арасында діни экстремизмнің алдын алуға арналған жұмыс жоспары және ақпараттық – түсіндіру тобы құрылып, бұйрық шығарылды. Ата – аналарға арналған **«Қазіргі жастардың басқа дінге немесе діни ағымның соңына еруіне не себеп деп ойлайсыз?»** атты пікірталас өтті.



Сауалнама алу сәтінен



«Қазіргі жастардың басқа дінге немесе діни ағымның соңына еруіне не себеп деп ойлайсыз?»

7 – 9 сынып оқушыларынан **«Дін туралы не білеміз?»** тақырыбында дін тану пәні мұғалімі М.С.Наубетов сауалнама алып, қорытындысы алынды.

Қазан айында **«Намаз оқу, хиджаб кию сән бе?»** атты 6-9 сынып оқушылары арасында әңгіме – сұхбат жүргізіліп, оқушылар өз ойларын салды.

Қараша айында **«Діни білім – тәрбие бастауы»** тақырыбында 7-9 сыныптарда танымдық сабақтар өтті.



Желтоқсан айында дін тану пәні мұғалімі **«Ислам дінінің тәрбиелік мәні»** танымдық кешті 8-9 сыныптарға өткізіп, тың мәліметтермен таныстырды.

Қаңтар айында **«Дінсіз тәрбие – тамырсыз көшет»** сұрақ - жауап алу арқылы ақпараттық түсінік жұмыстары жүргізілді.



Діни сауаттылықты арттыруда тек оқушыларға ғана емес, ата – аналарға да ақпараттық түсінік жұмыстары, дөңгелек үстелдер өткізіліп тұрады. Ақпан айында ата – аналарға арналған «**Дін – тәрбиенің рухани тірегі**» дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстелде ата – аналардың қатысуы, белсенділігі жоғары болды.



Наурыз айында, дінтану пәні мұғалімі М.С.Наубетов **«Абайла, экстремизм!»** атты терроризмге қарсы күрес туралы Заңмен таныстыру сабағы,



сәуір айында мектеп психологы Ф.Қ.Қалиева «**Мен және менің дінге көзқарасым**» тақырыбында сауалнама алып, қорытындысы шығарылды.

Денешынықтыру пәні мұғалімі М.Ж.Жаңабаев мамыр айында «**Терроризмге қарсымыз!**» атты 5-9 сыныптар арасында спорттық ойын түрлерінен жарыс өткізді.



Сыныптарда тәрбие сағаттары аптаның бірінші күні бірінші сағатта тұрақты түрде өтеді. Тәрбие сағаттарының негізгі формалары көбіне сайыс, викторина, дөңгелек үстел, т.б. форматтарда өтеді. «Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұны 1-4-сыныптарда жылдық

жүктемесі 6-сағат сынып сағаттары есебінен сынып жетекшілері жүргізген. 5-9-сыныптарды сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізілген. Дәлеледеме құжаттары сынып жетекшінің іс-құжаттары папкаларында жасақталып тігілген. Сонымен бірге 7,8 кластарда тәрбие сағаттарын оқушылар ұйымдастырып өткізеді, класс жетекшісі бақылау жасайды. Бұл формат оқушыларды ізденіске, жауапкершілікке жетелейді.

VI. Қорытынды:

Жалпы оқушылармен жүргізілген іс-шаралар негізінде мектепте ПБ есепте тұрған оқушы жоқ. Келеңсіз оқиғалар тіркелген жоқ. Алдағы оқу жылына ұсыныстар:

- ✓ Сынып жетекшілердің жұмыстарын жинақтау, аудан, облыс көлемінде іс – тәжірибе таратуға ұсыну;
- ✓ Әлеуметтік педагог, психологтің сынып жетекшілермен бірлескен жұмыстарының жүйелі жүргізілуіне бақылауды күшейту;
- ✓ Аналар мектебін құру;
- ✓ Ата – ана – мектеп – оқушы үштігінің байланысын нығайту;

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: А.Т.Дуйсегалиева